

Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesi Filoloji Fakültesi Türkoloji ve Dil Teorisi Bölümü doktora öğrencisi Gülden Bakıtkazıkızı Tlegenova'nın "6D021300-Dilbilim" uzmanlık alanında felsefe doktoru (PhD) akademik derecesini almak üzere hazırladığı "Kazak Ad biliminin Dini-Mitolojik Kodlarını İnceleme" başlıklı doktora tez çalışmasına ilişkin yabancı danışman

FİKİR

Günümüzün karmaşık siyasi coğrafya durumu ve küreselleşme sürecinin hızla ilerlemesi bağlamında, bir milletin kendi kimliğini koruması ve diğer halklara kendisini tanıtabilmesi için ulusal kültürü, dili, tarihsel bilinci, manevi değerler düzeni ve ahlaki-etik idealleri sistemleştirmek, derlemek ve kapsamlı bilimsel çerçevede incelemek son derece önemlidir. Bu bağlamda, Kazak halkının mitolojik adlandırma sistemi, ulusal ve etnik kimliğin önemli bir göstergesi olarak değerlendirilmektedir.

Kazak ad bilimindeki onomastik birimler, kültürel kodlar aracılığıyla temsil edilerek halkın manevi dünyasını ve kültürel kimliğini tanımaya imkân veren sembolik ve anlamsal bir sistem olarak tanımlanmaktadır. Bu birimler, tarihî deneyim, gelenek-görenekler ve ulusal özellikleri içinde barındıran kültürel ve manevi miras niteliğindedir ve bunların bilimsel açıdan kapsamlı bir şekilde incelenmesi gerekliliği ortaya çıkmaktadır. Bu tür araştırmalar, özel adların doğasını daha derinlemesine anlamaya katkı sağlamakla kalmayıp aynı zamanda Kazakistanlı genç neslin ulusal mirasa olan ilgisini artırmakta ve devlet dilini, Kazak halkının tarihini ve kültürünü incelemeye teşvik etmektedir. Bu doğrultuda, Gülden Bakıtkazıkızı Tlegenova'nın doktora tezi, Kazak dilindeki paremiyolojik, frazeolojik sistem ile folklorik örnek dil birimleri temelinde ulusal değerleri manevi uyanış (ruhani yenilenme) bağlamında incelemeye yöneliktir. Araştırmanın temel amacı – Kazak ad bilimindeki dini-mitolojik kodu belirlemek, ayrıca onomastik birimlerde temsil edilen geleneksel lingvokültürel kavramların kökenini, etnosemantik yapısını ve işlevsel görevini ortaya koymaktır. Bunun yanı sıra, Kazak Ulusal Korpusu'nda (derlem) mitonimlerin aktarım yapılarını gösterme konusu da çalışmanın önemli bir yönü olarak ele alınmıştır. Araştırma sürecinde, araştırmacı belirlenen bilimsel amaçları kapsamlı bir şekilde incelemiş ve sonuçlara ulaşmıştır.

Tezin birinci bölümünde, Kazak mitolojik-onomastik alanında ulusal maneviyata özgü zihniyet, gelenek-görenekler, adetler, kültür, folklor ve etnografik özellikler kapsamlı bir şekilde ele alınmıştır. Ayrıca, toplumsal/kültürel örnek imajı aracılığıyla etnik dünya görüşünü ve ulusal kimliği yansıtan temel kavramsal sistem analiz edilmiştir. Bu bölümde halk hafızasında korunan manevi değerlerin onomastik temsilleri ve bunların etnokültürel içerikleri ortaya konulmuştur. Araştırmanın ikinci bölümünde Kazak mitolojisi; kozmolojik, coğrafi ve etnografik kaynaklar temelinde analiz edilmiştir. Bu bölümde Kazak halkının mitolojik ve simgesel dünya görüşü tanımlanmış; gök cisimlerine (Ay, Güneş, Yedi Karakış, Samanyolu, Gökkuşağı), kutsal mekânlara, totemik anlayışlara, bitki ve hayvan

sembolleriyle ilişkili mitolojik imgeler ile mitolojik karakterlere dair bilgi ve algı sistemi açıklanmıştır. Türk mitolojik sistemine özgü imgelerin (örneğin, Yedi Karakış veya Samanyolu) göçebe yaşam tarzı ve astronomik bilgiyle olan bağlantısı karşılaştırmalı olarak analiz edilmiş; mitozonimler (hayvan adlarıyla ilgili mitolojik adlar) ve mitofitonimlerin (bitki adlarıyla ilgili mitolojik adlar) etnokültürel içeriği ve anlamsal yapısı bilimsel temelde ortaya konulmuştur.

Tezin üçüncü bölümünde araştırmacı, dini onomastik birimlerin Kazak halkının manevi ve kültürel yaşamındaki yeri ve rolünü analiz ederek, dinin ulusal dünya görüşündeki özel konumunu ortaya koymaktadır. Bu bölümde teonimik birimlerin (ilahi varlık adları) semantiği, onların dini-simgesel işlevleri, geleneksel dini anlayışlarla ilişkisi ve temsil özellikleri diğer etnik toplulukların onomastik sistemleriyle karşılaştırmalı olarak ele alınmıştır. Araştırma sürecinde, agionimlerin (evliya/adak yerleri adları), mifotoponimlerin (mitolojik yer adları), görünmeyen gizemli güçlere, evliyalara ve çeşitli doğaüstü varlıklara ait adların kutsal (sakral) kodları belirlenmiştir.

Tezin dördüncü bölümünde dini ve mitolojik onomastik birimlerin Kazak dilinin ulusal korpusunda (derlem) sunulma yöntemleri ortaya konulmaktadır. Özel adlar (onimler) aracılığıyla halk bilgisi ve ulusal-kültürel anlam dünyasını tanıma imkânı doğar. Bu durum, ana dili ya da ikinci dili olarak devlet dilini kullanan her Kazakistan vatandaşının özel adların sözcük oluşum motivasyonunu ve bu adlardaki milletin yaşam tarzı, gelenek-göreneklere, inanç ve yasaklarla ilgili bilgileri öğrenmesine katkı sağlar. Bu dini-mitolojik onomastik birimler, Kazak halkının dini ve etnokültürel dünya görüşünün yapısını tanımaya imkân veren anlam-yüklü kültürel göstergeler olarak ele alınmakta; ayrıca onların evrensel bir gösterge sistemi (semiyotik kod) olarak estetik değerleri de analiz edilmektedir.

Savunmaya sunulan çalışmanın bilimsel yeniliği ve temel bilimsel-teorik sonuçları, dilsel dünya görüşünün özgün bir parçası olarak lingvokültürel yönelimli onomastik araştırmaların özelliğini tanımlama gerekliliği ile belirlenmiştir. Araştırmacı, Kazak mitolojisi bağlamında mitolojik-dini sembollere kodlanmış bilgileri başarıyla ortaya koymuş ve bunları doğru şekilde dile getirmiştir.

Kazak dilbiliminde ilk kez dini-mitolojik onimler, araştırmacı tarafından Kazak Ulusal Korpusu'nda (derlem) temsil edilme yolları üzerinden incelenmiş ve ilgili sözcük dağarcığı birimlerin ulusal korpus (derlem) veri tabanına dahil edilmesi önerilmiştir. Ayrıca, ilk kez Kazak dilinin onomastik malzemesi mitolojik-dini açıdan bütüncül bir şekilde araştırılması teklif edilmiştir. Bu çalışma büyük önem taşımaktadır; çünkü bugüne kadar bu konu belirli ve özel olarak kapsamlı bir şekilde ele alınmamıştır. Söz konusu doktora tezinin sonuçları, Kazak dilbiliminin ve genel olarak Türk dilleri dilbiliminin onomastik, mitoloji ve folklor alanlarının bilimsel-teorik temellerini oluşturma açısından; ayrıca mitolojik folklorun Türk dilleri bağlamında karşılaştırmalı olarak incelenmesine önemli katkılar sağlayan özgün ve yenilikçi bir çalışma olarak değerlendirilmektedir. Kazakça metinler korpusundaki (derlem) mitonimlerin incelenmesi, kültürel ve edebi bağlamların daha derinlemesine anlaşılmasına, korpus (derlem) veri tabanının zenginleştirilmesine, kelime hazinesinin genişletilmesine ve gelecekte mitolojik sözlüklerin hazırlanmasına temel oluşturabilir. Araştırma sonuçları, Scopus veri tabanına kayıtlı

bilimsel dergilerde, Kazakistan Cumhuriyeti Bilim ve Yükseköğretim Bakanlığı'nın Bilim ve Yükseköğretim Alanında Kalite Güvencesi Komitesi listesine dahil olan dergilerde, yurt dışındaki bilimsel yayınlarda ve uluslararası bilimsel konferansların materyallerinde yayımlanmıştır. Sonuç olarak, doktora adayı Gülden Bakıtkazıkızı Tlegenova'nın "Kazak Ad Biliminin Dini-Mitolojik Kodlarını İnceleme" başlıklı doktora tezi, 6D021300 – Dilbilim uzmanlık alanı kapsamında felsefe doktoru (PhD) derecesini almaya yönelik belirlenen tüm gereklilikleri tam olarak karşılamaktadır ve savunmaya sunulmayı hak etmektedir.

Yurtdışı bilimsel danışmanı,
Doktor, PhD
Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi
Edebiyat Fakültesi



CEMİLE KINACI

Ankara, Türkiye
30.04.2025

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология
факультеті Түркітану және тіл теориясы кафедрасының PhD
докторанты Гүлден Бақытқазықызы Тлегенованың «6D021300-
Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ ономастикасының діни-
мифологиялық кодын зерттеу» атты диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Қазіргі кезеңдегі күрделі геосаяси жағдай мен жаһандану үдерісінің қарқынды жүруі жағдайында ұлттың өзіндік болмысын сақтап қалуы және өзге халықтарға өзін танытуы үшін ұлттық мәдениетті, тілді, тарихи сананы, рухани құндылықтар жүйесін, адамгершілік-этикалық мұраттарды жүйелеу, жинақтау және жан-жақты ғылыми тұрғыда зерделеу аса маңызды. Осы орайда қазақ халқының мифтік атаулар жүйесі ұлттық және этникалық бірегейліктің маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Қазақ ономастикасындағы онимдік бірліктер мәдени кодтар арқылы репрезенттеліп, халықтың рухани әлемі мен мәдени болмысын тануға мүмкіндік беретін символдық және семантикалық жүйе ретінде сипатталады. Бұл бірліктер тарихи тәжірибе, салт-дәстүр мен ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңірген мәдени-рухани мұра болып табылады және оларды ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу қажеттілігі туындайды. Мұндай зерттеулер жалқы есімдер табиғатын тереңірек түсінуге ықпал етіп қана қоймай, қазақстандық жас ұрпақтың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік тілді, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерделеуге ынталандырады.

Осы бағытта Тлегенова Гүлден Бақытқазықызының диссертациялық зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі паремиологиялық, фразеологиялық жүйе мен фольклорлық-прецеденттік тілдік бірліктер негізінде ұлттық құндылықтарды рухани жаңғыру контекстінде зерттеуге арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты анықтау, сондай-ақ ономастикалық бірліктерде репрезенттелген дәстүрлі лингвомәдени ұғымдардың генезисін, этносемантикасы мен функционалдық қызметін айқындау. Сонымен қатар, қазақ ұлттық корпусында мифонимдердің берілу тетіктерін көрсету де жұмыстың өзекті бағыты ретінде қарастырылған. Зерттеу барысында диссертант қойылған ғылыми міндеттерді кешенді түрде саралап, тұжырымдар жасаған.

Диссертацияның 1-тарауында қазақтың мифтік-ономастикалық кеңістігіндегі ұлттық руханиятқа тән менталитет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, фольклор мен этнографиялық ерекшеліктер жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар, этностың прецеденттік бейнесі арқылы этникалық дүниетаным мен ұлттық болмысты сипаттайтын негізгі концептілер жүйесі талданған. Бұл бөлімде халық жадында сақталған рухани құндылықтардың ономастикалық репрезентациясы мен олардың этномәдени мазмұны анықталады.

Зерттеудің 2-тарауында қазақ мифологиясы космологиялық, географиялық және этнографиялық дереккөздер негізінде сарапталған. Мұнда қазақ халқының мифтік және символикалық дүниетанымы сипатталып, аспан денелеріне (Ай, Күн, Жетіқарақшы, Құс жолы, Кемпірқосақ), киелі жерлерге, тотемдік түсініктерге, өсімдік және жануарлар бейнесіндегі мифтік рәміздерге, сондай-ақ мифологиялық кейіпкерлерге байланысты таным жүйесі баяндалған. Түркілік мифологиялық жүйеге тән образдардың (мысалы, Жетіқарақшы немесе Құс жолы) көшпелі өмір салтымен, астрономиялық таныммен сабақтастығы салыстырмалы түрде талданып, мифозоонимдер мен мифофитонимдердің этномәдени мазмұны мен семантикалық құрылымы ғылыми негізде айқындалған.

Диссертацияның 3-тарауында диссертант діни онимдердің қазақ халқының рухани-мәдени өміріндегі орны мен рөлін талдай отырып, діннің ұлттық дүниетанымда алатын ерекше орнын айқындайды. Бұл бөлімде теонимдік бірліктердің семантикасы, олардың діни-символдық функциялары, дәстүрлі діни түсініктермен байланысы және репрезентациялық ерекшеліктері өзге этностардың ономастикалық жүйелерімен салыстырмалы түрде қарастырылған. Зерттеу барысында агионимдер, мифотопонимдер, көзге көрінбейтін тылсым күштерге, пірлерге және әртүрлі құбылыстардың иелеріне қатысты атаулардың сакралды кодтары анықталған.

Диссертацияның 4-тарауында діни және мифологиялық онимдердің қазақ тілінің ұлттық корпусында берілу тәсілі көрсетіледі. Жалқы есімдер арқылы (онимдер) халықтық білімді, ұлттық-мәдени семантиканы тануға мүмкіндік береді. Бұл ана тілі немесе екінші тіл ретінде мемлекеттік тілді тұтынушы әрбір қазақстандық азаматтың жалқы атаулардың сөзжасамдық уәжі мен олардағы ұлттың тұрмыс-салтымен, салт-дәстүрімен, ырым-тыйымдарымен байланысты ақпараттарды білуіне ықпал етеді.

Бұл діни-мифтік онимдік бірліктер қазақтың діни және этномәдени дүниетанымының құрылымын тануға мүмкіндік беретін мағыналық-мәдени белгілер ретінде қарастырылып, олардың универсалды семиотикалық код ретіндегі эстетикалық құндылықтары да сарапталады.

Қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың ғылыми жаңалығы мен негізгі ғылыми-теориялық нәтижелерін: лингвомәдени бағыттағы ономастикалық зерттеулердің ерекшелігін әлемнің тілдік көрінісінің ерекше фрагменті ретінде сипаттау қажеттілігімен анықтаған. Қазақ мифологиясы контекстінде мифтік-діни таңбадағы кодқа салынған ақпаратты аша білген және дұрыс тұжырымдалған.

Қазақ тіл білімінде алғаш рет діни-мифтік онимдер диссертант тарапынан қазақ ұлттық корпусында репрезентациялану жолдары арқылы зерттеліп, лексемалар ұлттық корпус базасына енгізу ұсынылды. Сонымен қатар, алғаш рет қазақ тілінің ономастикалық материалын мифтік-діни аспектіде кешенді зерттеу ұсынылды, бұл еңбек маңызды болып табылады, себебі бүгінге дейін бұл тақырып нақты әрі арнайы кешенді зерттелмеген.

Аталған диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазақ тіл білімінің, сондай-ақ түркі тіл білімінің ономастика, мифология және фольклор

салаларының ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыруға, мифтік фольклорды түркі тілдері контекстінде салыстыра зерттеуге елеулі үлес қосатын тың әрі жаңашыл зерттеу ретінде бағаланады. Қазақ тіліндегі мәтіндер корпусындағы мифонимдерді зерттеу мәдени және әдеби контекстілерді тереңірек түсінуге, корпус базасын байытуға, сөздік қорын кеңейтуге, сондай-ақ болашақта мифологиялық сөздіктер жасауға негіз болады деп есептеледі.

Зерттеу нәтижелері Скопус дерекқорында тіркелген ғылыми журналдарда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміне енген журналдарда, шетелдік ғылыми баспаларда жарияланған ғылыми мақалаларда және халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарық көрген.

Қорытындылай келе, PhD докторант Тлегенова Гүлден Бақытқазықызының «Қазақ ономастикасының діни-мифологиялық кодын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді және қорғауға ұсынылуға лайықты деп санаймыз.

Шетелдік ғылыми кеңесші,

PhD доктор

Анкара Хаджи Байрам Вели Университеті

Әдебиет факультеті



Жемиле Кынаджы

Анкара қаласы, Түркия

30.04.2025